АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ

ЖШС «БОПАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ

Бекітемін:

ЖШС «Бопай» балабақшасы

меңгерушісі: Жумашева Б.А.

# «Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы «Әжелер мектебі» жобасы бойынша өткізілген «Әжелер-көңілдің ажары, немере-өмірдің базары» атты іс-шарасының жоспары

Музыка жетекшісі: Берикқалиева А.П.

Тәрбиешісі: Тәжикенова Г.Т.

Кабылова С.С.

Ақтөбе-2024ж.

# «Әжелер- көңілдің ажары, немере- өмірдің базары»

Сәлеметсіздерме Құрметті қонақтар, әріптестер,бүлдіршіндер!
Бүгін, біз балабақшамызда «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының мақсат , міндеттерін іске асыру барысында құрылған «Әжелер мектебі» жобасының , «Әжелер- көңілдің ажары, Немере- өмірдің базары» тақырыбында ұйымдастырылған іс –шарасын бастаймыз. Осы іс –шараға «Жұлдыз» және «Смешарики» тобының әжелері қатысып отыр.
«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының мақсатына тоқталатын болсақ, Ол дегеніміз: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.
Ал, құндылық дегеніміз-біздің ойымыз бен мінез құлқымызды басшылыққа алатын принцип.
Оның ішінде тәрбие құндылықтарының үш тағаны бар.Олар: Ұлттық мүдде, Ар-ұят,Талап. Міне,осы тәрбие құндылықтарының үш тағаны бойынша жас буын бүлдіршіндерге ерте жастан Сіз болып,біз болып жан-жақты тәрбие бере алсақ; онда болашақта біздің балдырғандарымыз өз-ұлтының барлық салт-дәстүрін білетін,өз елін,жерін,табиғатын қорғай алатын Қазақстан Республикасының барлық құндылықтарын сақтай алатын,бойындаар-ұяты қатар қалыптасқан,салауатты өмір салтын ұстана алатын,жек де,ұжыммен де жұмыс жасау барысында сыни тұрғыдан ойлай алатын,технологиялық және цифрлық дағдыларды жетік меңгерген ,жан-жағымен ,ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын,білім мен жаңаны тани білуге құштар,іздемпаз,ақылды да сапалы болатынына сенімдіміз.
Ендіше, «Әжелер- көңілдің ажары, Немере- өмірдің базары» атты іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер!
«Асыл-әжем» өлеңі ойнап тұрады. 6 бала біртіндеп сахнаға шығады. Қолдарында жүрекше бар.
**1.бала Аймира**
**2.бала Ерасыл Мейірхан**
**3.бала Батырхан**
**4. бала Алихан**
**5.бала Айару**
**6. бала біртіндеп барлығы әжелерін әкеледі**

**Жүргізуші:** Енді әжелер өздеріңізді таныстырып кетіңіздер!.

**Жүргізуші:** Халқымызда «Өз балаң өскенше, немерең өлгенше» деген сөз бар. Бала туралы ақын Мұзафар Әлімбаев былай деген екен:

Бала дегенің бал екен,

Бал дегенің бала екен,

Немеренің бойында,

Бар тәттілік бар екен.

Туған балаң жай ғана,

Демеседе жат бөтен,

Нағыз бала ойласаң,

Немере екен ең тәтті! -деп, бүгінгі кешке қатысатын немерелермен

Асылайын мойнында,

Еркелейін қойнында.

Шопылдетіп сүйейін,

Әжелердің тойында деп, әжелерімен той төріне шақырамыз ағаш үйдің ішіне кіргіземіз.(музыка әуенімен).

**Жүргізуші:** Келесі кезекте біздің «Жұлдыз» тобының ішкентай әншісі Сағымбай Айымды қошеметпен қол соғып қарсы алайық .Әжелеріне арнаған

**Ән: «Әжетайым»**

**Жүргізуші:** Әжелерді ортаға шақырамыз.

**Ойын:** Асық тастау

**Әжелерге берілетін сұрақтар**

1. Қазақтың жаңа жылы қалай аталады? Неге?

2. Қандай ұлттық ойындарды білесіздер?

3. Қандай ұлттық тағамдар дайындай аласыздар?

4. Қазақ халқының ұлттық киімдерін атаңыз?

5. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білесіздер,қандай?

6. Наурыз көже калай жасалады, жасалу жолдарын айтыңыз?

7. Қымыздың түрлерін білесіз бе?

8. Қыздан туған балаларды қалай атайды?

9. Қазақтың тыйым сөздерін айтыңыз? 6-7сөзін

10.Қазақтың бір өлеңін айтып беріңіз?

**Жүргізуші:** Биші қыздарымызды шақырамыз.

**Би:** Қазақтың ұлттық биі «Торсық».

**(Амира, Айару. Айнара, Медина, Айша, Аниса)**

**Жүргізуші:** Шеберлерім өнер тамып қолынан,

Жаңылмаған ата баба жолынан.

Шебер қолдар өз өнерін көрсетеін,

**Ойын:** Әжелерге қайшы беріп ою қидыру.

(Құрастырған оюлардың аттарын айту.)

**Жүргізуші:** Келесі кезекті біздің ақындарымызды қошеметпен қол соғып шақырайық

**Айтыс: Аймира мен Олжас**

**Жүргізуші:**

Қазақ жұрты киелі,

Өнерлiнi сүйеді.

Сізді сонша аңсап ел,

Би билеп, ән салып бер- дей келе әжелермен немере өнерлерін тамашалайық.

**Би: «Қара жорға»** әжелер

**Ойын:** - «Мақал -мәтел» (қағаздар таратып береміз)

**Жүргізуші:** Кешіміз өз мәресіне жетіп қалды

Сөз кезегін меңгерушіміз Ж.Б.Алдашевнаға береміз **(Марапаттау)**

**Әжелерден бата.**

**Жүргізуші:** Осымен аяқтап, қатысқан әже, немерелерімізге, көрермендерге үлкен рахмет айтып, келесі кездескенше сау болыңыздар!











